



	1-10 есептердің әрқайсында төрт жауап нұсқасының ішінен дұрысын таңдау қажет В каждой из задач 1-10 нужно выбрать один правильный ответ из четырех вариантов ответа
1.	<i>Алина бір таңбалы сан жазды. Содан кейін оның оң жағына бір цифр жазды. Ол шыққан санға 37-ні қосқанда, 101 болды. Басында ол қандай сан жазған?</i> Алина написала однозначное число, затем справа от него написала еще одну цифру. К полученному числу она прибавила 37 и получила 101. Какое число она написала вначале? A) 4 B) 5 C) 6 D) 7
2.	<i>Дария, Диана және Зояның жастарының қосындысы 23-ке тең. 3 жылдан кейін олардың жасының қосындысы қанша болады?</i> Сумма возрастов Дарии, Дианы и Зои равна 23. Сколько будет сумма их возрастов через 3 года? A) 26 B) 29 C) 31 D) 32
3.	<i>Егер шеңбердің радиусының см-мен берілген мәні тақ жай сандардың ішіндегі үшіншісіне тең болса, оның диаметрі неше см-ге тең?</i> Если радиус круга в см равен третьему числу среди нечетных простых чисел, то каков его диаметр в см? A) 6 B) 10 C) 12 D) 14
4.	<i>Лаура 35 піспенанның әрқайсысын безендірді. Ол 25 піспенанды жасыл және 13 піспенанды көк түспен безендірді. Қанша піспенан жасыл және көк түстермен безендірілген?</i>

	Лаура украсила каждое из 35 печенек. Она украсила 25 печенек зеленым цветом и 13 печенек синим цветом. Сколько печенек было украшены как зеленым, так и синим цветом? A) 2 B) 3 C) 5 D) 6
5.	<i>13, 16, 19, ..., 70, 73 қатарында неше сан бар?</i> Сколько чисел в последовательности: 13, 16, 19, ..., 70, 73? A) 15 B) 17 C) 18 D) 21
6.	<i>Сания бірінші айда 1500 теңге, екінші айда 3000 теңге, үшінші айда 4500 теңге үнемдеді және тағы солай сияқты әр келесі айда алдыңғы айға қарағанда 1500 тг-ге артық үнемдеді. Оның соңғы айда үнемдеген ақшасы 12000 теңге болды. Ол барлығы қанша теңге үнемдеді?</i> Сания сэкономила 1500 тенге в первый месяц, 3000 тенге во второй месяц, 4500 тенге в третий месяц и так далее каждый месяц она сэкономила на 1500 тг больше, чем в предыдущем месяце.. Сумма денег, которую она сэкономила за последний месяц составила 12000 тенге. Сколько тенге в общей сложности она сэкономила? A) 13000 B) 50000 C) 54000 D) 60000
7.	<i>Суретте бірдей төрт шеңбер берілген. Егер бір шеңбердің радиусы 2 см-ға тең болса шаршының қабырғасы неше см?</i> На рисунке показаны четыре одинаковые окружности. Если радиус одной окружности равен 2 см, найдите сторону квадрата в см.

	 A) 6 B) 8 C) 16 D) 18
8.	«2» және «5» цифрларының 171-ден 214-ке дейінгі сандар арасында қанша рет кездесетінін тауып, шыққан сандардың айырмасын есептеңіз. Найдите, сколько раз цифры «2» и «5» встречаются между числами от 171 до 214 и посчитайте разницу полученных чисел. A) 0 B) 15 C) 11 D) 1
9.	Сайыс барысында Айкөркем, Бағжан және Шынар барлығы 2027 ұпай жинады. Бағжан Айкөркемнен 270 ұпайға кем жинады. Бағжан Шынардан 3 есе артық ұпай жинады. Бағжан қанша ұпай жинады? Айкөркем, Бағжан и Шынар набрали всего 2027 очков во время соревнований. Бағжан набрала на 270 очков меньше, чем Айкөркем. Бағжан набрала в 3 раза больше очков, чем Шынар. Сколько очков набрала Бағжан? A) 753 B) 763 C) 777 D) 900
10.	Берілген конструкция бірдей бірлік текшелерден тұрады. Оны ең кіші өлшемді толық текшеге толтыру үшін қанша бірлік текше қажет? Данная конструкция состоит из одинаковых единичных кубиков. Ее нужно дополнить кубиками, чтобы получился куб наименьшего размера. Сколько единичных кубиков для этого потребуется?



- A) 30
- B) 46
- C) 48
- D) 50

11-15 есептердің әрқайсында тек бір дұрыс жауап жазу керек

В каждой из задач 11-15 нужно предоставить только один правильный ответ

11. *Тәттілер дүкенінде әрбір 2 кәмпит орамасын бір кәмпитке айырбастауға болады. Санжардың ақшасы 17 кәмпит алуға жетеді. Ол дүкеннен барлығы қанша кәмпит ала алады?*

В магазине сладостей, можно обменять 2 фантика от конфет на еще одну конфету. У Санжара достаточно денег, чтобы купить 17 конфет. Сколько конфет он может получить в магазине?

12. *Бақа 32 см тереңдіктегі құдыққа құлап кетті. Бір сағаттан кейін ол 8 см-ге жоғары секіру үшін жеткілікті күш жинайды, бірақ одан соң 5 см-ге төмен сырғанайды. Егер бұл әр сағат сайын жалғаса берсе, құдықтан шығу үшін бақаға қанша сағат қажет болады?*

Лягушка упала в колодец глубиной 32 см. Через час она набралась достаточно энергии, чтобы совершить прыжок на 8 см вверх, но затем она соскользнула на 5 см вниз. Если так продолжается каждый час, то сколько часов потребуется лягушке, чтобы выбраться из колодца?

13. *Ғажайыптар елінде ақша 5 және 7 теңгелік купюрада шығарылады. 1 теңге тұратын пиццаның бір бөлігін сатып алу және қалған ақшаны толығымен алу үшін сізде кем дегенде қанша ақша болуы керек?*

Деньги в стране чудес выпускаются купюрами по 5 и 7 тенге. У продавца пиццы много купюр номиналом 5 и 7 тенге. Какую наименьшую сумму денег нужно иметь, чтобы купить кусок пиццы стоимостью 1 тенге и получить сдачу полностью?



14.	<i>Турнирге алты ойыншы қатысты. Әр ойыншы басқа ойыншылармен бір реттен ойнады. Бірде-бір тең нәтижелі ойын болған жоқ. Әлия 4 ойында, Дәрия 3 ойында, Дамир 2 ойында, Карина 2 ойында, ал Сара 2 ойында жеңіске жетсе, Сәния қанша ойында жеңіске жетті?</i> В турнире участвовало шесть игроков. Каждый игрок играл с каждым другим игроком ровно один раз. Ничей не было. Если Алия выиграла 4 игры, Дария - 3 игры, Дамир - 2 игры, Карина - 2 игры, Сара - 2 игры, то сколько игр выиграла Сания?
15.	<i>Тіктөртбұрышты қоршалған жер телімінің периметрі 700 м-ге тең. Ол суретте көрсетілгендей алты бірдей тіктөртбұрыштарға бөлінген. Алты кіші тіктөртбұрыштардың әрқайсының периметрі қанша м?</i> Периметр прямоугольного участка составляет 700 м. Он разделен на шесть одинаковых прямоугольных участков, как показано на рисунке. Чему равен периметр каждого из шести меньших участков в м? 